

ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ТАРИХЫ

Ерте жаңа ғасырдың тарихи білімі





Дәрістің жоспары:

1. Ерте жаңа ғасырдың тарихи білімі (жалғасы).
2. Ағартушылық дәуірінің «Философиялық тарихы»



Дәрістің негізгі идеялары: XVIII ғ. «кемелденген» тарих Еуропадағы ұлттық мемлекеттердің құрылу процессіне қажет болды. «Кемелденбеген тарих» даярлық жұмысын атқарды. Ағартушылық дәуірінің ғалымдарының көзқарастары әртүрлі болды. Олардың шығармаларында ұқсас мәселелер көтеріліп, жақын пікір айтылды, «адам» және «қоғам» сияқты негізгі ұғымдарды қайта қарауға әрекет жасалды. XVIII ғ. тарихшы-философтар әмбебап тарихи заңдар мәселесін шешуге тырысты.

Дәрістің негізгі цитаталары:

«Тек әлсіздер ғана қылмыс жасайды, күштілер және бақыттыларға ол қажет емес» (Вольтер) - Только слабые совершают преступления, сильному и счастливому они не нужны.

«Көп нәрсені білуден гөрі дұрыс ойлаудың құндылығы зор» (Дж.Локк) – «Правильно мыслить ценнее, чем много знать».

Біз саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдениеттік өмірдің жаңа формаларының қалыптасу дәуірі болған XVI—XVII ғғ. еуропалық тарихтың дамуын қарастыруды жалғастырамыз. Соңғы дәрісте айтып кеткендей, XVI-XVII ғасыр ерте жаңа ғасыр атауын алды. Бұл кезеңде дүниетаным ұғымын түсінуде бірқатар өзгерістер болды және белгілі мен мүмкін болатын шектердің мүмкіндіктері кеңейтілді.



XVII ғ. ортасы мен екінші жартысында Британияда революцияға, азаматтық соғысқа, монархияның жаңғыртылу тақырыптарына арналған тарихи-саяси еңбектер пайда бола бастады. Бұл граф Кларедонның «История мятежа» - «Бүліктің тарихы», Г. Варнеттің «История моего времени» - «Өз уақытымыздың тарихы», Дж. Локктың «Два трактата о правительстве» и «О религиозной терпимости» - «Үкімет туралы екі трактат» пен «Діни төзімділік туралы» және т.б. еңбектер болды.

Бұл кезде әр ұлттың өткенге деген қызығушылығы арта түскен еді. Сондықтан, кеіірек, осындай мағынадағы еңбектердің жазылуы XVIII ғ. жалғастырылды. Осындай тарихи шығармалар адамзат тарихындағы «кемелденген» тарихты ашып көрсетті. «Кемелденген тарих» ең алдымен, осы кезде Еуропадағы ұлттық мемлекеттердің құрылу процессіне қажет болды.

Бэконның айтуынша, «кемелденбеген» тарихты ежелгі өткен тарихтан аман қалған фрагменттерді зерттегендер жазған. Осы кезде жаңа интеллектуалды ағым пайда болды. **Ол тарихи құжаттар мен ескерткіштерді іздестірумен, коллекциялаумен, жүйелі сипаттаумен және жіктеумен байланысты антикварианизм** (лат. antiquus — көне) деп аталды. «Кемелденбеген тарих», Бэконның және басқа да антикварлардың ойынша, даярлық жұмысын атқарды. Антиквардың еңбегінің нәтижелерімен саяси тарихтың авторлары қолдана алды.

Антикварлар және өткен тарихтың құжаттарын жақсы білетін тарихшылар, эрудиттер өздерін нағыз тарихшылар деп есептемеді. Олар өздерін ежелгі заманнан қалған артефактар мен ой-идеяларды жинақтаушылар мен сақтаушылар деп есептеді. Олар ежелгі дәуір деп өткен кезеңдерден қалған әр-түрлі сол кезеңдерге куә бола алатын ескерткіштерді деп рим және ортағасырлық монеталарын, халықтар мен мемлекеттердің ұрандарын, елтанбаларын, түрлі жазбаларды, киімдерді, құжаттарды, қираған үйінділерді, архитектуралық ескерткіштерді атады. Өткен тарихта өмір сүрген адамдардың қолдан жасаған заттарының қалдықтарынан басқа, антикварлардың назарында сирек кездесетін, табиғи әлемнің ерекше артефактары да болды.

Тарихшы бірінші кезекте, жазушы, ал тарихтың өзі — жазбаша мәліметтер мен шежірелерге сүйенген баяндама болды. Антикварлар дәл сол нарративті дереккөздерге сүйене отырып, мәтіндік емес айғақтарды кеңінен қолданды. Бұл олардан дереккөздерді сынаудың жаңа әдістерін әзірлеуді талап етті. Бұл әдістер кейін археологияның, нумизматиканың, палеографияның, сфрагистиканың қалануының іргетасы болды.

Антикварлардың зерттеу пәні тарих қана емес, оның құрамындағы өткен уақыт болды. Антикварлардың назарын біртүрлі және қиын түсіндіретін қасиеттер тартты. Бұл авторлар үшін зерттеудің танымал жанрларының бірі хорография еді. Хорография деп мемлекет жерлерін облыстар бойынша сипаттауды



атаймыз. Хорографияның міндеті табиғи ерекшеліктер мен байлықтарды, сондай-ақ өткен және қызықты ежелгі тамаша оқиғаларды тіркеу болды.

Англияда антикваринизм XVI ғасырда пайда болды. Оның негізін қалаған У. Кемден, Дж. Леланд, Дж. Стоу деген коллекционерлер еді. Олар 1585 ж. Лондон қаласында антикварлардың «Елизавета қоғамын» құрды. Бұл қоғамның мүшелері ежелгі тарихи ескерткіштерді жинақтауда және тарихи жазбаларды жариялауда алғашқы ұжымдық жұмыстың тәжірибесін көрсетті. *Ағылшын антикварлық тарихы XVI ғ. соңғы үшінші жартысында гүлденді.* Мемлекет және шіркеу тарихындағы батырлық дәуірге деген қызығушылық құжаттарды, азаматтық жазбаларды зерделеуде, графтар мен Британ қалаларының сипаттамаларын, түрлі заттай айғақтарды іздеу және жинау жұмысы барысында көрініс тапты. Олар бриттардың өткен тарихын, аралдағы римдік иеліктің, англосаксондық Англияның, нормандтық жаулаушылық болған кезеңдерді зерттеді. Осы сұрақтарға тереңірек қарауға тырысып, авторлар зерттеу барысында бриттердің трояндардан шығу тегі туралы; король Артур туралы мифологиялық сюжеттермен бетпе-бет келді. Көптеген зерттеушілер өз жұмыстарында ағылшын ұлты мақтан тұтатын бұл ұғымдарды сынауға, даулауға ұмтылған жоқ.

Егер тарихшы-гуманистер өткен тарихтың атақты адамдарының әрекеттері туралы жазса, антикварлар ұжымдық тарихтың іздерін зерттеді. XVI ғ. соңы -XVII ғ.-ғы тарихшылар деректердің фрагменттерінен бірте-бірте римдік немесе англосаксондық Британия тарихын қалпына келтіруге тырысты. Бұл ретте ұлттың өткен тарихының бейнесіне классикалық авторлар мен итальяндық антикварлардың шығармалары із қалдырды.

XVII ғ. ортағасырлық дереккөздердің көптеген топтамалары басып шығарылды. Оларды іздеумен және зерттеумен айналысатын қоғамдарды католик шіркеуі құрды. Католик шіркеуі христиан дінінің және Рим шіркеуінің тарихын зерттеуді мақсат етті. Бұл Еуропадағы реформациялық қозғалыстарға католик шіркеуінің жауап еді.


Осындай ең танымал қоғамдардың бірі Франциядағы мавристердің ұжымы болды. Бұл қоғам Париждегі Сен-Жермен-де-Пре аббаттықтың, бенедиктіктердің (1627ж бастап) орденінен шыққан, киелі Маврдың монахтарынан құрылған. 1648 жылдан бастап, олар басылымның жоспарын дайындады. Оның ішіне француздық провинциялардың өткені туралы мәліметтер бар, бенедиктік орденінің, шіркеудің тарихының қолжазбалары кірді. Мавристермен көптеген ортағасырлық манускрипттер жиналған болатын. Эрудит-мавристер қолжазбалардың шынайылығын және қай кезеңде жазылғанын анықтау үшін нұсқаулықтар ұсынды. 1668-1701 жж. олар «Қасиетті Бенедикт орденінің өмірі» деп аталған тоғыз томдық кітапты басып шығарды. Бұл кітапта XII ғ. дейінгі дереккөздер пайдаланылған екен. Мәтіндерді сынау бойынша негізгі жұмысты Ж. Мабильон жүргізіпті.

1643ж. ортағасырлық дереккөздердің басылып шығарылуы Антверпенде басталды. Оны иезуит-болландистер жүзеге асырды. Бұл иезуит ордені өзіндеріне басшы болған Ж. Болландтың құрметіне аталған. Олар жариялаған «Жития святых» - «Киелі өмір» топтамасында ортағасырлық аңыздар мен христиан дініндегі қасиеттілердің әрекеттері туралы әңгімелер жинақталған. Бұл кітапта қасиеттілердің әрекеттері күнтізбелік жылдың күндері бойынша орналасқан: әрбір қасиетті туралы әңгімелер оның күніне орайластырылды. Бұл еңбектің бірнеше ондаған томы бар.

Шежірелер мен құжаттардың басылымы Германияда, Италияда, Англияда, Польшада, Чехияда, Испанияда іске асырылған. Эрудиттер қызметінің арқасында қосалқы тарихи пәндерді (палеография, хронология, дипломатика) және жалпы тарихи білімді дамыту үшін кейіннен маңызды рөл атқарған қолжазбалар мәтіндерін сыни талдау ережелері жасалды.

Ағартушылық дәуірінің «Философиялық тарихы»

Тарихнаманың жаңа импульсі XVII—XVIII ғғ. соңғы үшінші жартысында болды. Зерттеушілер бұл дәуірді Ағартушылық ғасыры деп атайды. Ағартушылық - бұл Еуропа, Солтүстік Америка, Ресей елдерінде, Францияда өзіндік рухани орталығы бар кең зияткерлік қозғалыс. Ағарту идеялары ең алдымен философияда, сондай-ақ ғылымда, тарихнамада, қоғамдық және саяси ойда, әдебиетте, өнерде көрініс тапты. Бұл дәуірдің көрнекті өкілдеріне мына танымал авторлар Франциядағы Вольтер, А. Руссо, Ш. Монтескье, Британиядағы Д. Локк, Д. Юм, Э. Гиббон, Германиядағы И. Кант, И. Гердер, Ресейдегі М. В. Ломоносов, В. Н. Татищев, Н. М. Карамзин кіреді.



Ағартушылық дәуірінің философтарының, тарихшыларының, жазушыларының және ағартушылық ғалымдарының көзқарастары әртүрлі болды. Алайда, олардың шығармаларында ұқсас мәселелер көтеріліп, жақын пікір айтылды. Осы кезеңнің зияткерлік мәдениетінде «адам» және «қоғам» сияқты негізгі ұғымдарды қайта қарауға әрекет жасалды. Адамның табиғаты дегеніміз не? Қоғамдық құрылғы ненің арқасында пайда болады? Көптеген әлем халықтарын не біріктіреді және ерекшелендіреді? Ғылым жетістіктері мен адамгершіліктің жетілуіне қарамастан адамдар неге бақытсыз? Мемлекет те, халық та үйлесімділікте өмір сүретіндей қалыптасқан тәртіпті өзгертуге бола ма? Бұл сұрақтарға рационалдық философия мен эксперименталды ғылымдар негізінде жауап табу керек деген болжам болған.

Ағартушылық қайраткерлері билік пен дәстүрге сыни көзқараста болды. Ұсынылған жаңа құндылықтар жүйесінде жоғары критерий даналық пен ақыл-ой болды. Олар сословиелік теңсіздікке, шіркеудің үстемдігіне, ескішілдікке қарсы келетін категориялар еді. Экономикадағы, әлеуметтік саладағы, күнделікті өмірдегі өнеркәсіптік төңкеріске байланысты терең өзгерістер прогресс идеясының сол кездегі философия жүйесіндегі өз орнын тауып, дәрежесінің көтерілуіне себеп болды. Ақылдың, сананың, даналықтың күшіне сену адамзаттың мәдени прогрессінің жылдам жүзеге асуына үміт берді. Адамзат өз қателіктерінен, надандықтарынан, ырымшылдықтарынан, тежелуден құтыла бастады.

Ағартушылардың идеяларына сәйкес табиғатта барлығы бір танымдық тәртіпке бағынады. Адам табиғаты әлемнің барлық адамдары үшін әмбебап және өзгермейтін болып ойластырылған. Бастапқы кезде, барлық адамдар бірдей және еркін болып жаратылған. Қоғамды адамның табиғи құқықтарына сәйкес ақылды заңдар негізінде құру керек. Қазіргі және болашақтың міндеті өткен тарихты сараптап, қоғамды рационалды түрде қайта құру керек деген көзқарас болды. Философтар үшін адамзатқа пайда әкелетін және көптеген адамдардың игілігі болған білім үлкен құндылыққа ие болды.

Француз ағартушыларының ең ірі еңбектерінің бірі ЖАН Д'АЛАМБЕРдің (1717-1783) және ДЕНИ ДИДРОның (1713-1784) жетекшілігімен құрылған 17 томдық мәтін мен 11 том гравюралардан тұратын «Энциклопедия, или Толковый словарь наук, искусств и ремесел» - «Энциклопедия, немесе ғылым, өнер және қолөнердің түсіндірме сөздігі» деген (1751-1772) ұжымдық шығарма болды.

«Энциклопедияда» философияның маңызды принциптері мен ережелері, әртүрлі ғылымдар, өнеркәсіпте қолданылатын ашылулар мен пайдалы өнертабыстардың мәнін түсіндірумен жазылған мақалалар жарияланды. Бұл білім жиынтығында тарих маңызды орын алды. Д'Аламбер бойынша, адамның тарихы оның іс-әрекеті немесе білімімен құрылды. Д'Аламбер тарихты азаматтық және ғылыми деп екіге бөлді.

Ағартушылар жазған тарих философияның күшті ықпалында болды. Алайда, XVIII ғ. ағартушылық «философиялық тарих» тарихи баяндаудың барлық тәсілдерін толық қолдана алмады. XVIII ғ. тарих ғылыми білім саласы болып саналмады, ол әсем сөздіктің ерекше жанры болды. Университеттерде тарихты филологтар, ежелгі тілдер мен мәтіндердің білгірлері, құқықтанушылар жүргізді.

Сонымен қатар, өткен тарихқа, қазіргі және болашаққа деген бірыңғай христиан көзқарасы біртіндеп ыдырады. Бұған бірқатар факторлар ықпал етті. Ол мәтіндерді гуманистік көзқарас позициясынан сынау, антикалық тілдік-авторлардың еңбектерімен танысу, географиялық ашылуларға байланысты әлем бейнесінің түбегейлі өзгеруі, Реформация дәуіріндегі шіркеудің беделінің әлсіреуі, жаңа философиялық және ғылыми теориялардың пайда болуы.

XVIII ғ. шығармаларында Ветхий Завет - Ескі Өсиетте айтылған ежелгі халықтардың тарихының шынайлығына күмән келтірілді. Священная история - Киелі тарихтың маңызды оқиғалары — Христостың өмірі мен өлімі, Қиямет күні болатын сотты күтуі - өткенді сипаттау үшін сирек қолданылды. Тарихқа теологиялық түсінік әлі қолданылған болса да, антикалық, ортағасырлық және заманауи кезеңдер туралы бейтарап әңгімелерге көбірек көңіл бөлінді. Философ-ағартушылардың шығармаларының маңызды ерекшелігі - олар рационалды білім мен христиан діні деген ұғымдарды жеке қарастырды.

XVIII ғ. авторлары өткен кезеңнің құжаттарын сыни зерттелуіне үлкен мән берді. Зерттеушілер тарих



тек саясаттан, дипломатиядан және әскери соғыстардан ғана құрастырылмайды деп есептеді. Тарихнама бұл тек жәй фактілердің жинағы емес. Сондықтан, саяси әңгімелермен қатар тарихты баяндау барысына мәдени және әлеуметтік өмірдің оқиғалары да кіре бастады.

Тарихшылар-эрудиттер негізгі міндеттерін өткеннің куәліктерін жинауда, оларды сақтау мен зерделеуде көрді. Эрудиттер тек қарапайым фактілерді ғана жинақтап қоймады. Олар ол фактілерді сыни іріктеу, дереккөздерді жүйелендіру, әр түрлі құжаттарды жариялау барысында үлкен еңбек жасады. Зерттеуші-эрудиттердің назары өз халқы мен мемлекетінің өткенін зерттеуге бағытталды.

Эрудиттер қолжазбалар мәтіндерін сынау әдістерін, археологиялық олжаларды, жазбаларды, монеталарды, эмблемаларды, генеалогиялық және хронологиялық кестелерді және басқа да дереккөздердің түрлерін зерттеу тәсілдерін әзірледі.



Еуропа елдерінде ежелгі коллекциялардың негізінде алғашқы қоғамдық мұражайлар — Лондондағы Британдық мұражайы (1753),



Эдинбургтегі Ежелгі ұлттық мұражайы (1780) және т. б. ашылды.

Францияда Әулие Мавр қоғамының мүшелері жинаған мәтіндер жарыққа шығуды жалғастырды. 1737 ж. мавристан Буке 1328 жылға дейінгі дереккөздерді жинақтаған «Собрание историков Галлии и Франции» - «Галлия және Франция тарихшыларының жиналысы» сериясын басып шығара бастады.

Италияда ортағасырлық мәтіндердің ең танымал топтамаларының бірі 21 томда жазылған Л. А. Мураторидің «Итальянские историки» - «Итальян тарихшылары» (1723-1751) сериясы болды. Осыған ұқсас еңбектер Испания, Австрия, Скандинавия елдерінде жарық көріп жатты.

Британияда антикварлардың Ағылшын төңкерісі мен Реставрация кезеңдеріне деген қызығушылығы артты. Эрудиттер Германияда орталық басқару жүйесі әлсіз болғандықтан ыдыраған мемлекеттің саяси құрылымы және жергілікті князьдердің күшті билігі туралы мәселелер қызығушылық танытты. Негізінен олар құқықтық құжаттардың мемлекет дамуы барысындағы маңыздылығын зерттеді.

Белгілі неміс ғалымы ГОТФРИД ВИЛЬГЕЛЬМ ЛЕЙБНИЦ (1646-1716) Брауншвейг герцогтарының тарихнамасы ретінде үш томдық «Брауншвейгские историки» - «Брауншвейг тарихшылары» (1707-1711) деген жинақты басып шығарды. Бұл жинақта Германия тарихының сол кезге дейінгі бүкіл тарихы туралы мәтіндер жинастырылған. 1764 жылы Геттинген университетінің профессоры И. К. Гаттерер Тарих институтын құрды. Алайда бірнеше жылдан кейін институт қаржылық қиындықтарға байланысты жабылып қалды.

XVII ғ. екінші жартысынан бастап бүкіл Еуропада ғылыми қоғамдар құрылды. Бұл қоғамдарда «ғылым» деген ұғым ғылыми-жаратылыстану және әлеуметтік-гуманитарлық білім бірлігінің ажыратпас бөлігі ретінде қарастырылды. Тарихшылар-эрудиттер ғылыми қоғамдарда өздеріне лайықты орындарын алды. Олар Француз академиясы (1635), Лондон Корольдік ғылыми қоғамы (1660), жаңа Британдық антикварлар қоғамы (1686) сияқты мекемелерді құруға қатысты. Білімге ұмтылу жоғары бағаланды. Тарих мемлекеттік және азаматтық өмірді құру жөнінде пайдалы кеңестер бере алды. Қауымдастық ғалымдары өз зияткерлік әлемін құрды. Эрудиттер шығармаларының көпшілігі жергілікті тарих, генеалогия, құқық мәселелері бойынша тамаша жасалған, тексерілген жұмыстар болып еді.

Осылайша, тарихшы-эрудиттердің қызметінде жеткілікті әдістемелік база болды. XVII-XVIII ғғ. аралығында эрудиттер өткен тарих туралы өте көп мәліметтер жинақтады. Эрудиттердің тарихы философиялық теориялардың үстемдігі дәуірінде табысты болды. XIX ғасырда эрудиттер тарихы қалыптасып жатқан тарих ғылымының маңызды бір бөлігіне айналды.

XVIII ғ. университеттерінде тарихшылар еркін өнер факультеттерінде — шешендік курсына



классикалық және жалпы тарихты, теология курсында— шіркеу тарихын, құқық курсында — құқықтық және саяси тарихты оқыта алды. Университеттер мемлекеттік қызмет пен шіркеу үшін кадрлар дайындады. Тарих моральдық және саяси сабақтар беруге міндетті болды. Бірақ, ол кезде әлі тарих атаумен арнайы курстар әлі де болмаған еді.

XVIII ғ. тарихшы-философтар әмбебап тарихи заңдар мәселесін шешуге тырысты. Әр түрлі оқиғалар бір тәртіпке бағынады ма? Ең алдымен дәуірлер арасындағы байланыстырушы рөлді адамзат тарихының жекелеген эпизодтарының мәнімен үйлестіріп берген Құдайдың көрегендігі деген көзқарас болды. Ағартушы философтар өткен тарихты, қазіргі және болашақты біріктіріп қарастыра отырып оқиғаларды түсіндіретін жаңа әмбебап схемаларды ұсынды. XVIII ғ.интеллектуалдарының арасында үлкен беделге прогресс концепциясы мен тарихи цикл ие болды.


Қоғамда жаратылыстану ғылымдарына, математикаға, физикаға, И. Ньютон шығармаларына қызығушылық қалыптасты. Қоғам тарихы мен әлем құрылымын зерттеу үшін танымның бірыңғай әдісін қолдану керек деген болжау айтылды. Бұл ретте қоғам туралы мәселелер жиі механикалық түрде түсіндіріліп отырды. Философтардың пайымдауларының негізінде өзгермейтін адам табиғаты туралы көзқарастар жатты. Ежелгі уақытта да, қазіргі уақытта да адам бірқалыпта қалды, өзіне теңбе тең болды. Ағартушы тарихшыларда өз замандастарының көзқарастарын басқа дәуірдегі адамдардың құндылықтар жүйесінен ажырату қажеттілігі болған жоқ. Қоғам табиғат жаратқан рационалды индивидтердің жиынтығы ретінде қарастырылды. Білім және тәрбие бүкіл қоғамдық құрылымды қайта құру үшін қажетті жағдай жасай алды.

Ағартушылық философтарының ерекше қызығушылығын әмбебап конструкциялар тудырды. Бұл әмбебап конструкциялар арқылы тарихи құбылыстар мен процестердің алуан түрлілігін түсіндіруге болатын еді.

Мұндай көзқарас философиялық тарих авторларын эрудит-зерттеушілерден батыл ерекшелендірді. Адамзат санасының бірлігін, тарихтың бүкіл үрдісін жаңаша көрсетуге ұмтылу басым болды.

Интеллектуалдар басқа елдер мен мәдениеттердің дамуына да қызығушылық білдірді. Ұлы географиялық ашылулар уақытынан бері Еуропалық ойшылдар алдында күрделі мәселелер туындады. Халықтардың әртүрлілігін, олардың бейнелерінің, тілдерінің, әдет-ғұрыптарының, моральдық ұстанымдарының, заңдарының бір-бірлеріне ұқсамайтындықтарын қалай түсіндіруге болады? Неге Батыс тәжірибесі Ескі әлемде ғана іске асырылды?

XVII-XVIII ғғ. қоғамда адамдардың сыртқы тұрпаты, тұрмыстары, басқару формалары, сенімдері, ұстанымдары, өнер де климаттың географиялық факторларына, ландшафтқа, топыраққа, ауаға тәуелді болатын теориялар танымал болды.



Бұл көзқарастар француз философы, тарихшы, жазушы ШАРЛЬ ЛУИ МОНТЕСКЬЕнің (1689—1755) «О духе законов» - «Заң рухы туралы» (1748) атты белгілі трактатында егжей-тегжейлі негізделді. Адам өміріне әсер ететін ішкі заңдылықтарды түсінуге ұмтыла отырып, автор қандай да бір халықтың шаруашылық және басқару нысандарына, оның салт-дәстүрлеріне, табиғи жағдайлар әсер етеді деген қорытындыға келген. Сондай-ақ климаттық ерекшеліктер ұлттың мінезін қалыптастырды. Ең жақсы мемлекеттік құрылым, Монтескьенің пікірінше, Англияда болды. Бұл қалыпты климаттың ерекшеліктеріне байланысты болды. Монтескье адамдардың білімдерін арттырып, оларды неғұрлым бақытты етуге ұмтыла отырып, мемлекет қайраткерлері нақты халықтың қасиеттеріне сәйкес жаңа заңдарды енгізу қажет деп санады.


XVIII ғасырда «мәдениет» және «өркениет» ұғымдары кеңінен қолданыла бастады. Бұл сөздер латын тілінен алынған болатын. Мәдениет» сөзі неміс ағартушыларының қолдануында Француз ұғымының синонимі «өркениет» ретінде сөйлейді. Ол өмір сүру жағдайын жақсартудың зайырлы процесін, әділ заңдарды әзірлеуді, дөрекі мінез-құлықты жұмсартуды, талғам мен мәнерді жетілдіруді білдіреді.

Мәдениеттің басқа түсінігі — қоғам өмірінің тәсілі ретінде-неміс философы ИОГАНН ГОТФРИД ГЕРДЕРМЕН (1744-1803) «Адамзат тарихының философиясына идеялар» (1784—1791) шығармасында ұсынылды. Сондықтан бір ғана емес, көптеген ұқсас емес мәдениеттер туралы айту маңызды болды.

Бірақ бұл мағынада бұл ұғым кейінірек, XVIII — XIX ғ. басындағы романтикалық тарихнамада қолданылған. Ағарту дәуірінің философ-тарихшылары мәдениеттің бірінші түсіндірмесін ұстанды.



Белгілі француз ағартушысы ВОЛЬТЕРдің (1694-1778) «Халықтардың адамгершілік және рухы туралы және басты тарихи оқиғалар туралы тәжірибе» (1756—1769) шығармасы ерекше мысалын береді. Вольтер бұл шығармада алғашқылардың бірі Еуропалық өткенді ғана емес, бүкіл адамзаттың тарихын көрсетуге тырысты. Бұл тәсіл Киелі кітапта айтылған халықтардың тарихы баяндалатын теологиялық тұжырымдамаға қарсы болды. Жаңа уақытта, Вольтердің сенуі бойынша, адамзат өз тағдырын өзі анықтау үшін айтарлықтай жетілді.



Вольтер дәйекті түрде Ежелгі Қытай мен Үнді, Жапон, Таяу Шығыс, Африка, Америка мен Еуропаның өркениетін жазған. Келтірілген мысалдар өркениетті даму процесінің үздіксіздігін айғақтауы тиіс болған. Алайда, әр түрлі халықтардың прогресі бірдей емес; сондықтан ақыл-ой бірлігінде өмірдің әр түрлілігі мен әдет-ғұрыптары сақталған. Вольтерге сәйкес, Батыс әлемге ұтымды көзқарасты бекітуде Шығыс, Америка және Африкадан озып кетті. Ағартушылық философтары ғасырлар бойы ой-сананы ырымдықтар мен кателіктерден біртіндеп босату ретінде прогресстің тарихын көрсетті. Еуропалық емес қоғамдардың «қалып қалуы» оларда әлі ой еркіндігін берген жорамалдар, заңдар, әдет-ғұрыптар мен сенімдер сақталғанына байланысты болды.

Вольтердің ойлағанындай, көптеген адамдар өз мінез-құлқында және талқылау тәсілінде толық ұтымды болатынына күмән келтіреді. Оған қарамастан, кімде кім оған жетсе, дұрыс заңдарды әзірлеп, халыққа зерделі билеушілерді беруге абзал болар еді. Нәтижесінде, барлық адамдар бақытқа прогресстің жоғары мақсаты сияқты тие алушы еді. Мұндай «философиялық тарих» барлық адамзат тарихы үшін жалпы түсінік модельдерін ұсынды, бұл ретте алдымен философтарды қызықтырған бөлшектерге, әралуандыққа шағын қызығушылықты көрсетті. Вольтер әр түрлі халықтар туралы сезіммен және қызығушылықпен жазды, бірақ «өзінің» өркениетінің құндылықтар жүйесіне көбірек көңіл бөлді.

Ұсынылған ресурстардың тізімі:

1. Барг, М. А. Эпохи и идеи : Становление историзма / М. А. Барг. — М., 1987.
2. Барг, М. А. Категории и методы исторической науки / М. А. Барг. — М., 1984.
3. Бессмертный Ю. А. Метод // Человек в мире чувств : Очерки по истории частной жизни в Европе и некоторых странах Азии до начала нового времени / под ред. Ю. Л. Бессмертного. М., 2000. С. 23.
4. Биск, И. История исторической мысли в новое время / И. Биск. — Иваново, 1983.
5. Блок М. Апология истории. М., 1983
6. Бычков, С. П. Введение в отечественную историографию XX в. / С. П. Бычков, В. П. Корзун. — Омск, 2001.
7. Гутнова, Е. В. Историография истории средних веков / Е. В. Гутнова. — М., 1985.
8. Историография истории нового времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева. — М., 1990.
9. Историография истории нового и новейшего времени стран Европы и Америки / под ред. И. П. Дементьева, А. И. Патрушева. — М., 2000.
10. Историческая наука и историческое сознание / под ред. Б. Г. Могильницкого. — Томск, 2000.
11. Ковальченко, И. Д. Методы исторического исследования / И. Д. Ковальченко. — М., 1987.
12. Коллингвуд, Р. Дж. Идея истории ; Автобиография / Р. Дж. Коллингвуд. — М., 1980.
13. Косминский, Е. А. Историография средних веков : V в. — середина XIX в. / Е. А. Косминский. — М., 1963.
14. Кроче, Б. Теория и история историографии / Б. Кроче. — М., 1998.
15. Lovejoy A. O. The Great Chain of Being : A Study of the History of an Idea. Cambridge (Mass.), 1936.
16. Могильницкий, Б. Г. История исторической мысли XX в. Вып. I—II / Б. Г. Могильницкий. — Томск, 2001—2003.
17. Насонов, А. Н. История русского летописания XI — начала XVIII в. / А. Н. Насонов. — М., 1969.
18. Немировский, А. И. У истоков исторической мысли / А. И. Немировский. — Воронеж, 1979.
19. Портреты историков : Время и судьбы. В 2 т. / под ред. Г. Н. Севостьянова, Л. Т. Мильской. — М., 2000.



Кітап: Тарих ғылымының тарихы

Дәріс: Ерте жаңа ғасырдың тарихи білімі

20. Про, А. Двенадцать уроков по истории / А. Про. — М., 2000.
21. Румянцева, М. Ф. Теория истории / М. Ф. Румянцева. — М., 2002.
22. Савельева, И. М. История и время : В поисках утраченного / И. М. Савельева, А. В. Полетаев. — М., 1997.
23. Тош, Дж. Стремление к истине : Как овладеть мастерством историка / Дж. Тош. — М., 2000.
24. Шапиро, А. Л. Историография с древнейших времен по XVIII в. / А. Л. Шапиро. — Л., 1982.
25. Хейзинг Й. Homo ludens : В тени завтрашнего дня. М., 1992.
26. Февр Л. Бои за историю. М., 1991.